

Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіру ықтимал қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 666 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 504 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 7 ш і л д е д е г і

N 6 6 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының 18-бабына сәйкес әзірленді әрі заңды және жеке тұлғалардың әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметті

жүзеге асыруына рұқсат беру тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, азаматтық және экспериментальдық авиация қызметін үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы;

2) рұқсат - осы Ережеде белгіленген тәртіппен уәкілетті орган беретін, заңды және жеке тұлғалардың әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжат;

3) әуеайлақ маңындағы аумақ - әуеайлақтың бақылау нүктесінен 50 километр радиустегі жер бетіндегі учаске .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3. Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметке:

1) әуеайлақ маңындағы аумақта және әуе трассалары шегіндегі жерлерде орналасқан объектілерді, электр беру желілерін, басқа да кедергілерді салу;

2) олардың салдарынан әуе кеңістігінде электрмагниттік, жарықтық, акустикалық, корпускулярлық және сәуле шығарудың өзге де түрлері жүргізілетін жұмыстар;

3) құстардың жаппай жиналуына немесе ұшу көрінімінің нашарлауына әкеп соқтыратын объектілерді орналастыру;

4) әуе кеңістігінде материалдық объектілердің қозғалысына тікелей байланысты емес, бірақ әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне, олардың жабдықтарына және ондағы адамдарға әсер ететін басқа да қызмет жатады.

3-1. Ұшу қауіпсіздігіне қызметтің әсерін және қызмет нәтижесінде әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігінің қатерін болдырмауға арналған қажетті іс-шараларды айқындау мақсатында әуежайды (әуеайлақты) пайдалануды жүзеге асыратын азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен әуежай, аэронавигациялық ұйым өкілдерінің және сәулет-құрылыс бақылауы өкілдерінің қатысуымен тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады .

Бірлесіп пайдалану және/немесе бірлесіп орналасу әуеайлақтарында Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілдері енгізіледі .

Ұшу қауіпсіздігіне қызметтің әсерін және мемлекеттік авиацияның әуеайлақтары ауданынан тысқары жердегі және әуеайлақтарындағы әуе

кемелерінің ұшу қауіпсіздігінің қатерін болдырмау үшін қажетті іс-шараларды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі қарайды.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-2. Рұқсат алу мыналарды орналастыру үшін қажет:

1) әуеайлақтарға әуедегі кіреберістер жолақтарының шекараларындағы, сондай-ақ осы жолақтардың шекарасынан тысқары әуеайлақтың бақылау нүктесінен (бұдан әрі - ӘБН) 7 километр радиустегі барлық объектілерді;

2) биіктігі әуеайлақ деңгейіне қатысты 50 м және одан астам ӘБН-нен 30 км радиустегі объектілерді;

3) биіктігі әуеайлақ деңгейіне қатысты 100 м және одан астам ӘБН-нен 50 км радиустегі объектілерді;

орналасу орнына қарамастан:

4) авиациялық радиотехникалық құралдардың қалыпты жұмысы үшін бөгет болуы мүмкін байланыс, электр тарату желілері, сондай-ақ радио- және электромагниттік сәулеленудің басқа да объектілерін;

5) жарылыс қаупі бар объектілерді;

6) шығарынды газдарды авариялық жағуға арналған алау құрылғыларын.

Алау құрылғыларының биіктігін айқындау кезінде жалын шығарындысының барынша ықтимал биіктігі есепке алынады;

7) қызметі әуеайлақ ауданындағы көрінімді нашарлатуға әкелетін өнеркәсіптік және өзге де кәсіпорындар мен құрылыстарды.

Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-3. Осы Ереженің 3-2-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген объектілерді орналастыру оларды орналастыратын жерге қарамастан, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісілуі тиіс.

Ескерту. 3-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-4. ӘБН-нен 15 км жақын аралықта құстардың келуімен және жаппай жиналуымен ерекшеленетін тамақ қалдықтарының шығарындысын орналастыруға, аң шаруашылығы фермаларын, мал сою және басқа да объектілерді салуға тыйым салынады.

Ескерту. 3-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Рұқсат беру және кері қайтарып алу тәртібі

4. Рұқсат алу үшін жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органға өтінім береді.

5. Заңды тұлғалар өтінімді бірінші басшының қолы қойылған, мөр басылған, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікті қоса бере отырып, ұйымның бланкісінде береді.

6. Жеке тұлғалар өтінімді үйінің мекен-жайын көрсете отырып ұсынады. Сонымен қатар, жеке кәсіпкерлер жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікті немесе патентті ұсынады.

6-1. Рұқсатты уәкілетті орган осы Ереженің 3-1-тармағына сәйкес құрылатын Комиссияның қорытындысы негізінде береді.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

6-2. Қорытынды алу үшін жеке және заңды тұлғалар Комиссияға мынадай құжаттарды қоса бере отырып, өтінім жібереді:

1) әуеайлақ маңындағы аумақта және әуе трассалары шегіндегі жерлерде орналасқан объектілерді, электр беру желілерін, кедергілерді салу үшін:

құрылыс объектілерінің тізбесі;

объекіден ӘБН-ге дейінгі аралықты көрсете отырып, құрылыс кезінде пайдаланылатын құрылыстардың, дінгектердің, құрылыс крандарының биіктігі туралы деректер;

объекіден ӘБН-ге дейінгі аралықты көрсете отырып, құрылыс учаскелеріндегі жер бетінің абсолюттік белгілерінің деректері, қалаға немесе елді мекенге орнықтырылған құрылыс объектілерін салу учаскесі белгіленген жергілікті жер бедерінің картасы;

электр беру желілерінің кернеуі туралы мәліметтер;

электр беру желілері (оның ішінде бұрыштық, суаттар, өзендер, темір жолдар мен автомобиль жолдары арқылы өтетін) биіктігінің деректері;

дүниенің жақтары бойынша бағдарланған жергілікті жер бедерін ескере және ауқымын көрсете отырып, электр беру желілері трассасының жоспары;

әуежай ауданындағы объектілер мен кедергілердің ұзақтығы туралы деректер ;

дүниенің жақтары бойынша бағдарланған жергілікті жер бедерін ескере және ауқымын көрсете отырып, объектілер мен кедергілер ұзақтығының жоспары;

2) олардың салдарынан әуе кеңістігінде электромагниттік, жарықтық, акустикалық, корпускулярлық және сәуле шығарудың өзге де түрлері жүргізілетін жұмыстар жүргізу үшін:

учаскенің бастапқы және соңғы пункттері туралы деректер және бүкіл трассаның атаулары (аумағы бойынша трасса өтетін облысты, ауданды көрсете отырып) ;

радио сәуле шығаратын қондырғылардың мақсаты туралы деректер, жұмыс жиілігі, қуаттылығы, сәуле шығару бағыттылығы, антенналық қондырғылардың биіктігі ;

3) құстардың жаппай жиналуына немесе ұшу көрінімінің нашарлауына әкеп соқтыратын объектілерді орналастыру үшін объектінің орналасу орны туралы деректер, ӘБН-ге дейінгі аралық ұсынылады;

4) әуе кеңістігінде материалдық объектілердің қозғалысына тікелей байланысты емес, бірақ әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне, олардың жабдықтарына және ондағы адамдарға әсер ететін басқа да қызметті жүзеге асыру тәртібі және шарттары туралы мәліметтер.

Ескерту. 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7. Рұқсат беруге арналған өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) әуеайлақ маңындағы аумақтарда және әуе трассалары шегіндегі жерлерде орналасқан объектілерді, электр беру желілерін, кедергілерді салу үшін: құрылыс объектілерінің тізбесі;

объекіден ӘБН-ге дейінгі аралықты көрсете отырып, құрылыс кезінде пайдаланылатын құрылыстардың, дінгектердің, құрылыс крандарының биіктігі туралы деректер ;

құрылыс учаскелеріндегі жер бетінің абсолюттік белгілерінің деректері, қалаға немесе елді мекенге орнықтырылған құрылыс объектілерін салу учаскесін белгілеумен жергілікті жер бедерінің картасы;

электр беру желілерінің кернеуі туралы мәліметтер;

электр беру желілері (соның ішінде бұрыштық, суаттар, өзендер, темір жолдар мен автомобиль жолдары арқылы өтетін) биіктігінің деректері;

дүниенің жақтары бойынша бағдарланған жергілікті жер бедерін ескере және ауқымын көрсете отырып, электр беру желілері трассасының жоспары; әуежай ауданындағы объектілер мен кедергілердің ұзақтығы туралы деректер ;

дүниенің жақтары бойынша бағдарланған жергілікті жер бедерін ескере және ауқымын көрсете отырып, объектілер мен кедергілер ұзақтығының жоспары;

2) олардың салдарынан әуе кеңістігінде электромагниттік, жарықтық, акустикалық, корпускулярлық және сәуле шығарудың өзге де түрлері жүргізілетін жұмыстар жүргізу үшін:

учаскенің бастапқы және соңғы пункттері туралы деректер және барлық трассалардың атаулары (аумағы бойынша трасса өтетін облысты, ауданды

к ө р с е т е

о т ы р ы п) ;

радио сәуле шығаратын қондырғылардың мақсаты туралы деректер, жұмыс жиілігі, қуаттылығы, сәуле шығару бағыттылығы, антенналық қондырғылардың б и і к т і г і ;

3) құстардың жаппай жиналуына немесе ұшу көрінімінің нашарлауына әкеп соқтыратын объектілерді орналастыру үшін объектінің орналасу орны туралы деректер , ӘБН-ге дейінгі аралық ұсынылады;

4) әуе кеңістігінде материалдық объектілердің қозғалысына тікелей байланысты емес, бірақ әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне, олардың жабдықтарына және ондағы адамдарға әсер ететін басқа да қызметті жүзеге асыру тәртібі және шарттары туралы мәліметтер.

Жоғарыда санамаланған барлық материалдар үш данада, нақты шартты белгілері және ұйымның мөрі ұсынылады .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында мүдделі жеке және заңды тұлғалармен құрылысты келісу көзделген жағдайда, өтінімге тиісті құжаттар қоса беріледі.

9. Өтінімді уәкілетті орган құратын комиссия 15 күннің ішінде қарайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10. Рұқсат көрсетілген комиссияның оң қорытындысы негізінде беріледі.

11. Рұқсат беруге арналған өтінімді қарау мерзімі мынадай жағдайда:
7-тармақта көрсетілген құжаттар ұсынылмаса;
ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтер дұрыс емес және/немесе толық емес болса, тоқтатыла тұрады.

12. Рұқсат уәкілетті орган комиссиясының теріс қорытындысы болған жағдайда берілмейді:

егер рұқсат беруге арналған өтінімде көрсетілген қызмет әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретін болса;
өтінім берушіге қатысты рұқсат беруге арналған өтінімде көрсетілген қызмет түрімен айналысуға тыйым салынатын сот шешімі болса.

13. Рұқсат иеліктен шығарылмайтын болып табылады.

Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру үшін төлем алынбайды.

13-1. Егер рұқсат алған жеке немесе заңды тұлға үш жыл ішінде тиісті объектілерді салуға кіріспесе, рұқсат күшін жояды.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.16. N 528 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3. Бақылау

14. Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметтің жүзеге асырылуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган орындайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК